

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№511

2020 жылғы 26 ақпан

**Облыстық мәслихаттың
2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226
«Ақтөбе облысы бойынша іске
асырылуы жоспарланатын
жергілікті мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларының тізбесін
бекіту туралы» шешіміне өзгеріс
пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 24-бабының 1) тармақшасына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген, Іске асырылуы жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту тәртібінің 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне келесідей өзгеріспен толықтырулар енгізілсін:

Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесінде:

85-тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

«85. Хромтау ауданының Хромтау қаласында Мәдени және демалысорталығын салу және техникалық қызмет көрсету»;

келесідей редакциядағы 57-1 және 73-1-тармақтармен толықтырылсын:

«57-1. Ақтөбе қаласының колледж студенттерін жатақхана орындармен қамтамасыз ету»;

«73-1. Ақтөбе қаласындағы Нұр-Ақтөбе тұрғын үй алабының №2 шағын ауданында 320 орындық балабақша құрылысы».

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. ЕСІРКЕПОВ**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**